



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаты
Ә. Жұбановқа**

2023 жылғы 31 мамырдағы № ДС-201

Құрметті Әділ Орынбасарұлы!

Атырау облысына бағытталған жергілікті және республикалық бюджетке қатысты Сіздің сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Қазіргі уақытта Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын орындау мақсатында жаңа редакциядағы Бюджет кодексінің жобасы әзірленуде.

Оның аясында салықтық түсімдер мен шығыстардың қосымша түрлерін республикалық бюджеттен жергілікті бюджет деңгейіне беру арқылы фискалдық орталықсыздандыруды күшейту бойынша шаралар көзделген.

Сонымен бірге өңірлер арасындағы базалық инфрақұрылымдық алшақтықты қысқарту және жергілікті тұрғындардың мемлекеттік қызметтер мен игіліктерге тең қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін бюджет процесіне ең төменгі стандарттар түсінігі енгізілуде.

Бұл стандарттар әзірленіп және өзектілендіріліп жатқан ең төменгі әлеуметтік, нақты сектор стандарттарына, сондай-ақ өңірлік стандарттар жүйесіне негізделетін болады.

Осы баяндалған шаралар Кодекс шеңберінде бюджетаралық қатынастарды, соның ішінде трансферттерді жоспарлау әдістемесін елеулі түрде қайта жаңғыртатын болады.

Бұл шаралармен қатар осы Кодекс жобасында Қазақстан Республикасының Парламентінде өңірлерді дамыту және бюджетаралық қатынастар тақырыптарына өткізіліп жатқан дөңгелек үстелдер мен тыңдаулар қорытындылары бойынша ұсынымдар ескерілуде.

Осылайша, осы жылдың күзінде Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына Кодекс жобасы және бюджетаралық қатынастар қағидалары мен әдістемесі енгізілетін болады.

Ә. Смайылов